

**Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының
«Шардара аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МҚК-ң сыйбайлас
жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы талдамалық анықтама**

Шардара қаласы

24.07.2023 жыл

Кіріспе бөлім:

Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (бұдан әрі – Ішкі талдау) жүргізу негіздеме:

Қазақстан Республикасының «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заны;

Қазақстан Республикасы Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының «Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қагидаларын бекіту туралы» 16.01.2023 жылғы №21 бұйрығы;

Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Шардара аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МҚК-н басшысы М.Сейтхановтың «Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» 2023 жылғы 12 маусымындағы № 200 н/қ бұйрығына сәйкес жүргізілді.

Шардара аудандық орталық ауруханасының сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізген жұмысшы топ құрамы:

Молдаханов Нургали Сламидинович - Шардара аудандық орталық ауруханасы басшысының емдеу ісі жөніндегі орынбасары

Кубелекова Куралай Толеновна – басшысының ана мен бала денсаулығын көргау жөніндегі орынбасары

Кабылова Жулдызай Кадирбековна – Кадр бөлімінің басшысы

Дүйсенова Роза Досыбаевна – Жоспарлау үнемдеу бөлімінің басшысы

Сулейменов Мурат Базарбекович - зангер

Ішкі талдау жүргізу мерзімі:

2023 жылдың 24.07.2023-28.07.2023 ж.

Ішкі талдау қамтыған кезең:

2022 жыл және 2023 жылдың 6 айы.

Ішкі талдау жүргізу барысында шектеу немесе кедергі жасау:

Ішкі талдау жүргізу кезінде кедергі жасау немесе шектеу болған жок.

Ішкі талдау келесідей бағыттар бойынша жүргізілді.

1) Бөлімнің қызметін реттейтін заннамалардағы сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

2) Персоналды басқару, мүдделер қақтығысын реттеу, мемлекеттік қызмет көрсету мәселелер бойынша талдау объектісі қызметіндегі сыйбайлас қауінтерін анықтау.

1. «Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің жұмыс тобы бөлімнің өз қызметінде басшылыққа алатын Зандар, Кодекстер, нормативтік-құқықтық актілер, басқа да құқықтық актілерді қарастырады.

Қазіргі таңда «Шардара аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МҚК-да барлығы - 997 қызметкер жұмыс жасайды.

2022 жылы жұмыстан өз еркімен босатылғандар саны - 47 болса, оның ішінде - 8 дәрігер, орта медициналық қызметкерлер саны - 22, кіші медициналық қызметкерлер саны - 3, өзге қызметкерлер саны - 14 болса, 2023 жылдың 6 айында өз еркімен босатылғандар қызметкерлер саны - 15, оның ішінде дәрігер - 4, орта медициналық қызметкерлер - 2, кіші бикелер - 1, өзге қызметкерлер саны - 8.

2022 жылы жұмысқа қабылдағандар саны - 46 болса, оның ішінде дәрігер - 6, орта медициналық қызметкер саны - 26, кіші медициналық қызметкерлер саны - 4, өзге қызметкерлер саны - 10.

2023 жылдың 6 айында - 22 адам жұмысқа қабылданған. Оның ішінде 4 - дәрігер, орта медициналық қызметкерлер - 11, кіші бикелер - 1, өзге де қызметкерлер саны - 6.

Азаматтарды жұмысқа қабылдау Шардара аудандық орталық ауруханасы басшысының 13.01.2023 жылғы №40 нұсқасында мүшелерімен жүзеге асырылады. Комиссия мүшелері саны бес адамнан тұрады. Жұмысқа орналасуға үміткер өз біліктілігін билеттегі сұрақтарға жауап беру арқылы көрсетеді. Комиссия мүшелері тиісті баға бере отырып тиісті хаттамаға кол қойып бекітеді.

2023 жылы сәуір айынан бастап үміткерлерді жұмысқа «SmartNation» порталындағы денсаулық сактау үйретін орта медициналық персоналдардың (мейіргер, фельдшер, акушер, зертханашы) бос орындарға конкурстық іріктеуге катысып, жұмысқа орналасуышылардың жұмысқа сәйкестігін, білім деңгейін және біліктілігін анықтау үшін сұхбаттасу жұмыстары жіргізіліп келген. Алайда, қазіргі таңда ол портал арқылы үміткерлерді қабылдау тоқтатылған. Себебі, порталдың дұрыс жұмыс жасамауынан деп көрсетілген.

Жұмысшы топпен жұмысқа қабылданғандар мен осы Кәсіпорында бұрыннан жұмыс жасайтын қызметкерлер арасында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заңының 14-бабының талаптарына сәйкес, басшымен туыстық немесе басқа да қатынастары бойынша ішкі талдау жұмыстарын жүргізіліп, нәтижесінде теріс өкілеттіктер мен сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудыратын бұзушылықтар жайлы тиісті өкілетті органға хабарлама берілген.

2. Кәсіпорында 2023 жылдың осы мерзіміне дейін барлығы - 1911 бұйрық шығарылған. Оның ішінде негізі құрам бойынша - 217, жеке құрам бойынша - 1121, іссапар бойынша - 573, Шығарылған бұйрықтарда сыйбайлас жемқорлықтың туындауына әсер ететін нормалар анықталмады.

Мұдделер қақтығысы жоқ

Кадрлар тағайындауларға үнемі талдау жүргізіледі.

Сонымен қатар, Кәсіпорында 2-16-92 «сенім телефоны» жұмыс істейді. Арыз-шагым жәшігі ілінген. Арыз-шагым жәшігінде ешқандай арыз, шағым, отініш, ұсыныс, талаптар түспеген.

Кәсіпорында Қазақстан Республикасының және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Зандарының, «Халық денсаулығы мен денсаулық сактау жүйесі

туралы», Азаматтық қызметшілердің қызмет әдебі кодексінің талаптары қатаң бақыланады.

Жүргізілген талдау нәтижелері бойынша кәсіпорынның лауазымды тұлғаларының өз қалауы бойынша шешімдер қабылдаудына, жеке және занды тұлғалардың өз құқықтары мен занды мүдделерін іске асыру кезінде кедергі жасауға ықпал ететін жағдайлар анықталмады.

Кәсіпорын қызметшілерінің атына сыйбайлас жемқорлыққа қатысты бұқаралық ақпарат құралдарына материалдар жарияланған жок.

3. Кәсіпорынға бөлінген бюджет қаражатын жұмсау жөніндегі ақпараттың ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында жұмыстарды, тауарларды, қызметтерді мемлекеттік сатып алу ресімдерін өткізу бойынша, занға сай жылдық жоспар бекітіліп, электрондық веб-порталда жарияланады. Осыған орай, барлық мемлекеттік сатып алулар, бекітілген жылдық жоспарға сай жүзеге асырылады. Өткізілетін мемлекеттік сатып алулардың барлық тәсілдері, сондай-ақ конкурсстық құжаттамалар, сатып алушы жүзеге асыру туралы хабарландырулар, конкурсқа қатысуға өтінімді ашу, конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттамалар Қазақстан Республикасының бірыңғай мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы ашық өткізіледі.

Кәсіпорынның мемлекеттік сатып алулар бойынша жасалған келісім шарттарында мыналар анықталған.

- "MEDsmart" ЖШС-мен 13.09.2022 жылы түзген №152 (№091040007917/220151/00) келісім шарттының «Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілі» арқылы жасалғаны анықталды. Келісім шарттың соммасы 200 000 (екі жүз мың) теңгені құрайды.

- "Social-i International Kazakhstan" ЖШС-мен 12.09.2022 жылы түзген №151 (№ №091040007917/220150/00) келісім шарттының «Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілі» арқылы жасалғаны анықталды. Келісім шарттың соммасы 240 000 (екі жүз қызық мың) теңгені құрайды.

- "Бизнес школа DG" ЖШС-мен 04.08.2022 жылы түзген №143 (№ №091040007917/220143/00) келісім шарттының «Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілі» арқылы жасалғаны анықталды. Келісім шарттың соммасы 35 000 (отыз бес мың) теңгені құрайды.

- ИП "БАКИРОВ АМАНГЕЛЬДИ" - мен 16.04.2022 жылы түзген №69 (№091040007917/220071/00) келісім шарттының «Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілі» арқылы жасалғаны анықталды. Келісім шарттың соммасы 8 980 572, 40 (сегіз миллион тоғыз жүз сексен мың теңге бес жүз жетпіс екі) теңге 40 тиынды құрайды.

Аталған келісімшарт Мемлекеттік сатып алу занының 1-тармағының 41-бабын, 39-бабының 3-тармағын (көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу мүндай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді), 13-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 5), және 6)тармакшаларын (көрсетілетін өзге де тәсілдермен сатып алу мүмкін болмаған айрықша жағдайларда жүзеге асырылады) бұзуда.


Шешу мәселесі: Ұйымдастыруши аталған сатып алуды Заның 1-тармағының 41-бабына және 4-бапқа сәйкес бәсекелестік ортада жүргізуге міндеттеледі.


Қорытынды:


«Шардара аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МҚК сыйайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қорытындысы бойынша ұсынады:


1. Сыйайлас жемқорлыққа карсы іс-қимыл заңнамасы бойынша құқықтық жаппай оқытуды ұйымдастыру;
2. Сыйайлас жемқорлықтың алдын-алу және сыйайлас жемқорлыққа карсы мәдениетті қалыптастыру бойынша жұмыстарды жалғастыру, қолданыстағы заңнама нормаларын түсіндіре отырып жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарau кезінде заңдылықты қамтамасыз ету;
3. Мемлекеттік сатып алу туралы заңнамалық талаптарға сәйкес, ұйымдастыруши аталған сатып алуды Заның 1-тармағының 41-бабына және 4-бапқа сәйкес бәсекелестік ортада жүргізуге міндеттеледі.

Жұмыс тобының мүшелері:

Н.Молдаханов 

К.Кубелекова 

Ж.Кабылова 

Р.Дүйсенова 

М.Сулейменов 